

1975 жылғы мамыр айының 5 күні Оңтүстіктегі «Сарыағаш» шипажайына жолым түсті. Менің алдымда ғана осында Қарқаралының тумасы, Сапар Ахметов ағай келген екен. Екеуіміз шұркыраса табысып, шипажайдың шығыс жағындағы, қос қабатты «Шахтер» деген корпусынан екі орындық бөлме алдық.

Ертеңінде, таңғы асқа бара жатқанымызда Жамбыл облыстық партия комитетінде нұсқаушы болып қызмет істейтін Зәуірбек деген жігітпен таныстық. Ол: «Біздің корпусың екінші қабатындағы бір кісілік бөлмеге Баукең - Бауыржан Момышұлы орналасқан көрінеді. Мен әлі сәлем беріп үлгерген жоқпын», деді. Аты аңызға айналған батыр, данқты қолбасшы, көрнекті жазушы, халқымыздың біртуар перзенті Бауыржан Момышұлымен кездесіп, мұбарак қолын ұстап, сұхбаттасу кімге де болса зор қуаныш қой. Елең ете түстік.

Батыр туралы жазылған А.Бектің «Арпалыс», М.Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым», Д.Снегиннің «Шалғай шептерде», өзінің «Москва үшін шайқас» шығармаларының (Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні З.Ахметованың «Шуақты күндер» кітаптары кейінірек қолға тиді ғой) халық арасына кең тарап, тастерленгені, олармен өзімнің де таныстығым болар, жүздесуге құштарлығым артты.

Алғашқы күні кездесуіміздің сәті түспеді. Ертеңінде Сапар ағай екеуіміз корпусдан аулақтау жерде, Баукеңнің түскі дәмге барар жолында күтіп тұр едік, баяу басып келе жатқанын байқадық. Қолында таяғы бар. Кітаптан оқығанымыз, ел аузынан естігеніміз бар, «сұты, қатал, турашыл» деген мінезіне қанықпыз. Жүрек қағысымыз жиілеп, «сәлемімізді қалай жабылдар екен?», деп тұрмыз. Жақындады. Сипаты біздің күтіп тұрғанымызды сезгендей. Таяна бергенде қос қолымызды бірдей созып, «Ассалаумағалайкум!» деп сәлем бердік. Қабағы сұсты екен. Бірақ, «Уағалайкумассалам!» деп қолымызды алды да ештеңе айтпастан, алған бағытымен жүре берді.

Екі күннен кейін корпусың алдындағы ағаштың көлеңкесінде отырғанын көрдім. Қолтаңбасын алайын деп, бөлмеден Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романын алып шығып, сәлемдескеннен кейін, ойымда ештеңе жоқ, «Кешіріңіз... қолтаңбаныз!» деп кітапты ұстата бердім. Түсі суып кетті, алара қарап; «Қарағым, мен тек өз кітаптарыма ғана қолтаңба жазамын» деп, кітапты қолыма сылқ еткізді. Кешірім сұрадым. Қателік жасағаныма қысылып, қатты ынғайсыздандым. Ертеңінде ем-домнан кейін шарқ ұрып іздеп, Сарыағаш ауданының орталығындағы кітап дүкенінен тауып, Баукеңнің «Ұшқан ұя» кітабының бірнешеуін сатып алдым. Мақсатым - Батырмен қайта кездесіп, аз уақыт болса да сұхбаттасу.

Байқақтап жүрміз, сәлем берушілер Баукеңнің бөлмесін босатпай қойды. Аптаға жуықтады. Бір күні сәтін салып, Сапар ағай, Зәуірбек үшеуіміз бөлмесінде оңаша қалғанындатап бастық. Есігіне таяғанымызда естідік, Мәдилің «Қаракесек» әнінің әуенін қоныр даусына салып, айтып отыр екен. Арасында ынғылдап қояды. Аздап кідіріңкіреп, есікті ақырын тықылдатып қағып едік, арғы жақтан «да» деп күркіреген дауыс естілді. Үн жартасқа соққандай жаңғырығып естілді. Күн ыстық еді, әуе айналып жерге түскендей. Оған дүрсідеген жүрек қосылды. Сәлем беріп, кіріп бардық. Керуеетте жатыр екен, басын қо-

Жүректе қалған



басын?», деп салды. Әдемі әйел ұятты жауапқа қарсы ештеңе айта алмай, ынғайсызданып, қып-қызыл болып, «кешіріңіз» деп кетіп қалды. «Көке,— деді жанында отырған келіні реніш білдіріп,— ұят болды ғой, неге дұрыс жауап бермедіңіз? Батырдың қабағы түксініп кетті:-- Е-е, не боп қалды?!

—Жанағы кісінің сізге жолығайын деп келген себебі, әңгімелесіп, өмір жолыңызға қатысты сауалдар қойғысы келеді. Өзі араб, жапон тілдерін жетік меңгерген маман. Сіз туралы жазбақшы ойы бар тәрізді.

- Е, оны қайдан білейін. Он

ЖҮЗДЕСУ

теріп, сәлемімізді қабылдап, қол алыстық. Аты-жөнімізді сұрады. Қарағанды облысының Қарқаралы ауданынан келгенімізді айттым. «Киелі, аруақты жердің баласы екенсің, руың кім?» деп сауал тастады. Сұрақты маған қадап қойғаннан кейін, жалтақтамай жауап беруіме тура келді: «Қаракесекпіз» дедім батылданып. Жана біз есіктің сыртынан естіген Мәдилің «Қаракесегінің» әуеніне салып ынғылдай бастады да Баукең: «Сен маған балдыз екенінді білесің бе?» деді. Ол кісінің алғашқы зайыбы, Бақытжаннның анасы Жамал Қаллекидің - Қалибек Қуанышбаевтың қызы екенін біле тұрсам да, «Қалай жезде боласыз?» деп, жорта қарсы сұрақ қойдым. Сәл бөгелді де: «Мен Қаракесектің төрт қызын алдым»

Алғашқыдағыдай емес, бойымызды кенге сала бастадық. Баукең де еркін әңгіме-дүкен құруға ынғай білдірді. Қолтығыма қысып алып келген «Ұшқан ұя» кітабын қолыма ұстата беріп, қолтаңба беруін сұрадым. Кітапты үн-түнсіз алды. «Не болар екен?» деген сыңаймен біз де үнсіз отырмыз. Қалам алап, кітап мұқабасының екінші бетіне араб қарпімен төрт жол өлең жазып, қолын қойды да маған ұстата берді.

- Ау, жезде, арабша оқи алмаймын ғой, — дедім, тіпті, еркіндеп. Кітапты қайтадан қолыма алып, сол төрт жолды орыс қарпімен былай деп қайта түсіріп берді:

Қап-қара Қаракесек

күннен туған,

Би болып Қазыбегі бетін жуған.

Атақты Ұлы Жүздің

Бауыржаны

Олардың өтпей жатқан

қызын алған.

Осы бір шумақты дауыстап оқып берді де, бетіме қарады. Қалай жауап береді деген оймен сынады ма, әлде намыстанып, шамданар ма екен күдігі болды

ма, менің тарапымнан әрекет күткені байқалды. Сабырлы қалпымды бұзбай, аз ойланып:

- Бауке, Сіздей аты аңызға айналған, әлемге әйгілі Батыр жезде тауып берген апаларымның-Қаркесектің қыздарының талғамы өте жоғары болғанына мақтанып отырмын. Мұны өзіңіз де мойындайтын шығарсыз,- дедім.

Керуеетте отырған Баукең жылы шырай білдіріп, орнынан сәл көтеріліп: «Мынаны кара, мынау мені жемді» деп, қолын созып, алақанымды алды. Баукеңнің ризашылығына ие болғаныма біршама көңілім көтеріліп қалды. Менен соң Сапар ағай да қолындағы кітабын ұсынды. Батыр бұл жолы да алдымен арабша, одан соң кириллицамен:

«Сапарға

Нағашын қалмақ болса да, атаң қазақ екені көрініп тұр.

«Төрт рет жезден», деп жазып, қол қойып, қайтарды.

Осыдан кейін Баукең жылы шырай танытып, жезде мен балдыздар арасындағы жарасымды әзілге ерік беріп, әдемі сұхбаттасдық. Демалысы бітіп, Баукең Алматыға қайтқанша маңайында болдық. Ұтымды сөзім ұнаған болуы керек, маған шапаны мен бөркін кигізіп, суретке де түстік.

Батыр үйіне қайтар қарсаңда, түстіктен кейін асханадан шыға беріс дәлізде тыныстап, Баукеңнің жанында жақын аталас келіні, одан соң мен отыр едік, жасы елуді алқымдап қалған, орта бойлы, толықтау, қарақат көз, қызыл шырайлы, әдемі де сүйкімді бір келіншек келіп, сәлемдесті де, кешірім сұрап, Батырға: «Сіз Алматыға қайтады деп естіп едім, қашан жолға шығасыз?», - деді. Ақсақал тіктеніп: «Ертен қайтам», деп жауап берді. «Сіздің Алматыдағы мекен-жайыңызды жазып алсам», деді келіншек тағы да. Тілінің «қотыры» бар Баукең ойланбастан: «Алматыда мені қай қатынымның үйінен та-

бес минуттан кейін өзім жатқан корпусың алдына келсін, сен барып хабарла, сол жерде күтемін,— деді Баукең орнынан тұра беріп.

Әңгімені естіп алғаннан кейін, кездесу қалай болар екен деп, сырттан байқақтадық. Тура 15 минут уақыттан кейін Баукең де, әлгі келіншек те уәделі жерде тоқайласты. Сұхбаттың соңын тосқан жоқпыз, өз жөнімізге кете бардық. Ертеңінде бізге жақсы ықылас-ниетін, батасын берген қартты Алматыға шығарып салдық.

Міне, мен көрген, тілдесу бақытына ие болған Баукең, қазақ деген мәрт халықтың қаһарман ұлы осындай, өз ағартығын мойындай алған, үлкен басын кішірейте білген тау Тұлға еді. Кейінірек мүмкін болған жерлерде Батырдың кітаптарынан оқып, ойға тоқыған есті сөздерді айта жүрдім. Үлгілі өнегесін, әсіресе, өскелең ұрпақтың санасына орнықтыруға тырыстым. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 60 жылдық мерекесі қарсаңында Қарғандының іргесіндегі Доскей аулындағы музыка мектебінің қабырғаларына Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен патриоттық, отаншылдық мазмұндағы, тәрбиелік мәні зор нақылдары мен мәтелдерін ілгізіп қойдым.

Қазір үйіме Баукең екеуіміздің Сарыағаш шипажайында түскен суретіміздің үлкейтілген көшірмесі тұр. Бұл - сонау бір әдемі де әсерлі күндердің аяулы ескерткіші.

Боранкұл ЫСҚАҚҰЛЫ.

СУРЕТТЕ: қазақ халқының қаһарман ұлы **Бауыржан Момышұлы** мен **Боранкұл Ысқақұлы**.